Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№41 (1750)
3 желтоқсан
2019 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға «Интеграл» (Үндістан) университетінен делегация келді. Кездесу барысында жоғары білім беру саласындағы өзара ынтымақтастықтың болашағы, сондай-ақ бірлескен инвестициялық жобалар мүмкіндіктері талқыланды.**



Қазақстан мен Үндістан арасындағы стратегиялық қарым-қатынастар бұрыннан бар, ал ҚазҰУ мен Интеграл университетінің өзара тиімді ынтымақтастығының болашағы зор, деді шелдік қонақтарды қабылдаған Ғалым Мұтанов. ҚазҰУ-дің шығыстану факультетінде хинди және урду тілдерін зерделейтін үндітану бөлімі жұмыс істейді. Өткен жылы Махатма Ганди орталығы ашылған. ҚазҰУ-да Үндістаннан келген студенттер оқиды.

«Биыл біздің университет 85 жылдығын мерекеледі. Осы іс-шараға қатысқан сіздің университеттің делегациясына алғыс айтқым келеді. 2020 жылы Шығыстың ойшыл әл-Фарабидің 1150 жылдығын кең көлемді тойлау жоспарланып отыр. Айтарлықтай нәрсе, Үндістанның Дели қаласында ұлы ғалым үйі ашылды»,– деп атап өтті ҚазҰУ ректоры.

Интеграл университетінің Президенті Сайед Васим Ахтара өз кезегінде университеттер арасындағы достық қарым-қатынастардың маңыздылығын айта келіп, жылы қабылдаулар үшін алғысын білдірді.

«Ғалым әл-Фарабиді Үндістанда біледі және құрметтейді. ҚазҰУ біздің елімізде танымал, деді Сайед Васим Ахтара. - Қазақстанда ғылым, технология және менеджмент саласында мамандандырылған көптеген жоғары оқу орындары бар. Бірақ біз білім беруді дамыту, инновациялар мен технологиялар енгізудегі бай тәжірибелеріңізді қабылдау үшін сіздің университетке келіп отырмыз. Егер сіздер қызығушылық танытсаңыздар біз өз тәжірибелерімізбен бөлісуге мүддеміз. Махатма Ганди орталығын ашқаныңыз үшін біз өте ризамыз. Біздің қарым-қатынастың осылайша табысты басталғанына мен қуаныштымын және ынтымақтастық барысында біз ортақ мақсаттарымызға біз жетеміз деп үміттенемін»,– деді ол.

Сайед Васим Ахтара мырза Махатма Ганди орталығына қолдау және урду тілін оқытуға көмек көрсетуге дайын екендігін білдірді. Сондай-ақ, «Интеграл» университетінде Қазақ тілі мен мәдениеті орталығын ашуды ұсынды. Ғалым Мұтанов өз кезегінде бұл бастамаға үлкен қызығушылық білдіріп, келешекте медицина және денсаулық сақтау факультетін дамыту ынтымақтастығы мүмкіндігін айтып, бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылауды ұсынды.

**Өз тілшімізден**

# ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР

**ҚазҰУ-да ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы І дәрежелі сыйлықтың лауреаты, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Оразбаева Фаузия Шәмсиқызының 70 жылдық мерейтойына орай «Қазақ университеті» баспасынан «Өнегелі өмір» сериясы бойынша шығарылған «Өнегелі өмір. Фаузия Оразбаева» атты кітаптың тұсаукесері болып өтті.**

– Құрметті Фаузия Шәмсиқызы! Қазақстанда тілдік қатынас теориясы және әдістемесінің қалыптасуы мен мемлекеттік тілді көпдеңгейлі оқытудың жаңа үлгісін ұсынып, негізін салған ғалым-ұстазсыз! Тілтанымды өміріңіздің алтын қазығы санайтын ғалым-ұстаз ретінде сіз ұлт топырағында оқу-әдістемелік үрдістің жаңа мектебін қалыптастырдыңыз. Сіз қазақ қоғамында өз орны бар қайраткер тұлғасыз! Оның айқын бір белгісі – 1999, 2005, 2011, 2015 жылдарда ҚР Орталық Сайлау Комиссиясы жанындағы Қазақстан Республикасының Президенттікке кандидаттарынан мемлекеттік тілде емтихан алушы «Лингвистикалық комиссияның» мүшесі әрі жауапты хатшысы қызметтерін атқарғаныңыз.

**Жалғасы 6-бетте**

# РЕЙТИНГ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

**Кезекті ректорат мәжілісінде халықаралық рейтингтерде алға жылжу бойынша кафедралардың жол картасы мониторингі; коммерциялық емес акционерлік қоғам жағдайында химия және химия технология факультетінің дамуы; цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқытудың жаңа нысандарын дамыту тұжырымдамасы туралы және ішкі тәртіп ережесінің орындалуын қадағалау туралы айтылды.**

Мәжілісті ашқан ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев алдымен АҚШ жақтан ынтымақтастық бірлескен жобалар туралы ұсыныс түскенін хабарлады. Бірақ бұл мәселе бойынша екі жақ кездесіп, өзара шарттарды жан-жақты талқылаған соң ғана келісім жасалатынын айтты. Сондай-ақ проректор өз сөзінде факультеттердің филиалдарын көптеп ашу керектігіне тоқталды. Шет елдерден келетін оқытушыларға жалақыны өсіру туралы мәселені көтеру туралы әңгіме қозғалды.

**Жалғасы 2-бетте**


ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ 2-бет



ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚҰТТЫ МҰРА 4-бет



СУРЕТТЕРДІ СӨЙЛЕТКЕН СЫЙҚЫРШЫ 8-бет



QAZAQ ÝNIVERSITETI
85 jyl
AQPARAT
№41 (1750) 3 желтоқсан 2019 жыл


# ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ

**ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында ҚазҰУ-ға «Евразия» телеканалының бас директоры Сергей Киселев келіп арнайы дәріс оқыды.**



«1991 жылдың 1 желтоқсанында еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Міне, осынау тарихи күні бүкілхалықтық сайлауда дауыс берушілердің 98,7 даусына ие болып бірауыздан ел Президенті атанды. Қазақстанның тағдырын өз қолына алған ұлт көшбасшысы дәл сол жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін бүкіл елге жариялады. Ол елге тәуелсіздік сыйлаған тұлға ретінде де үлкен құрметке ие. Еліміздің ел болу шежіресі сан түрлі белестерден тұрады. Сол белестердің ең алғашқысы да осы еліміздің Тұңғыш Президентінің сайлануы болды. Тәуелсіз Қазақстанды сындарлы жолдардан, сан түрлі белестерден құлатпай, сүріндірмей алып шығу үшін де үлкен қажыр қайрат пен, ұлтына деген сүйіспеншілікті қажет етеді. Осы жолда ол шынайы егемендіктің негізін қалауға, тиімді экономиканы қалыптастыруға, үйлесімді қоғам құруға және ұлт тарихының жаңа кезеңіндегі ел дамуының басымдықтарын анықтауға бар күш жігерін жұмсаған тұлға», – дейді бас директор.

«Қай заманда болмасын қашанда халықты білікті басшы ғана шыңға шығарады. Ал біліксіз басшы шыңырауға түсіреді. Біздің еліміздің шыңға өрлеп, бүкіл әлем мойындаған ел болуы аянбай еңбек еткен басшымыздың арқасы екені баршаға аян. Сондықтан да еліміздің тізгіні әрқашанда ел келешегін ойлайтын азаматтардың қолында болу қажет» – деді жиынға қатысушылар. Сондай-ақ «Евразия» телеканалының Бас директоры Сергей Киселев сонау 1991 жылдан бері ел тарихында орын алған маңызды оқиғалар мен маңызды шешімдер туралы айтып, студенттерді қызықтырған сауалдарға жауап берді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

РЕКТОРАТ

**Жалғасы. Басы 1-бетте**

# РЕЙТИНГ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

Халықаралық рейтингтерде алға жылжу бойынша кафедралардың жол картасының мониторингі бойынша Стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Минажева баяндама жасап, университеттің барлық кафедраларындағы атқарылған жұмыстардың нәтижелеріне баға берді. Халықаралық рейтингтерде жоғары көрсеткіштерге жету үшін кафедралар әлі де көптеген жұмыстарды жандандыруы тиіс.

Мәжілісте коммерциялық емес акционерлік қоғам жағдайында химия және химиялық технология факультетінің дамуы туралы физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының меңгерушісі Ермек Әубәкіровтің, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының меңгерушісі Алина Галееваның, органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының меңгерушісі Григорий Алексеевич Мунның жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының меңгерушісі Алмагүл Ниязбаеваның, химиялық физика және материалтану кафедрасының меңгерушісі Марат Тәлеповтің есептері, сондай-ақ, ішкі тәртіп ережесінің орындалуын қадағалау туралы әкімшілік департаментінің директоры Әбілқайыр Әубәкіровтің ақпары тыңдалды.

**Өз тілшімізден**



# ЭФФЕКТИВНО И БЕЗОПАСНО

**Казахстанско-Китайская совместная лаборатория лекарственных средств открыта в КазНУ им. аль-Фараби. Проект реализован в рамках международного сотрудничества Научно-исследовательского центра лекарственных растений КазНУ с Синьцзянским техническим физико-химическим институтом Китайской академии наук.**



Казахстанско-китайская совместная лаборатория расположена на факультете химии и химической технологии. Она будет заниматься передовыми фундаментальными исследованиями для разработки косметических средств и безопасных фитомедицинских препаратов для лечения распространенных заболеваний в Китае и Казахстане на основе местного сырья. С этой целью будут исследоваться биоактивные соединения, выделенные из растительного сырья, представляющие интерес для обеих сторон.

Лаборатория будет заниматься созданием востребованных в КНР и в Казахстане новых оригинальных и генерических лекарственных препаратов, используя мировые научные достижения в разработке лекарственных препаратов.

Планируется также вести работу по выращиванию ценных лекарственных растений в Казахстане и обучению молодых специалистов современным методам исследований в КНР и Казахстане.

Для выполнения поставленных перед совместной лабораторией задач Синьцзянский технический физико-химический институт привлекает ресурсы Центральноазиатского центра исследований и разработок лекарственных средств Китайской академии наук. В проекте также задействованы ведущие научные учреждения Китая: Шанхайский институт медицинских материалов, Далийанский институт химии и физики, Ботанический институт Кунминь, Институт физики и химии Ланьчжоу.

Лаборатория также будет работать над целевыми проектами по разработке растительных добавок на местном и мировом рынке. Своей деятельностью лаборатория будет способствовать становлению исследовательской культуры и повышению исследовательского профиля КазНУ им. аль-Фараби и Синьцзянского физико-химического технического института Китайской Академии Наук.

В нашей стране подобная лаборатория открывается впервые. На основе исследований, которые проводятся в лаборатории, в будущем будет налажено производство доступных и эффективных фито-препаратов.

**Соб. корр.**

KAZNU.KZ

**Jýyrda ál-Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýnıversıteti Tarıh, arheologıa jáne etnologıa fakúlteti Qazaqstan tarıhy kafedrasynyń uıymdastyrýymen Qazaqstan Respýblıkasy Parlamenti Senatynyń Áleýmettik-mádenı damý jáne ǵylym komıtetiniń tóraǵasy Murat Baqtıarulymen kezdesý ótti. Kezdesý barysynda tarıh, arheologıa jáne etnologıa fakúltetiniń 1986 jylǵy túlegi M.Baqtıaruly qoǵamdaǵy ózekti máselelerdi ortaǵa salyp, ózindik usynystary men pikirlerimen bólisti.**

Jahandyq ǵalamda « adam kapıtaly» rasymen ózekti másele, ári memleket úshin asa mańyzdy resýrs bolyp tabylatyny sózsiz. Memleket jastarynyń bilimdi ári sanaly bolýy – el erteńiniń bultartpas keń kókjıegi ispettes. M.Baqtıaruly óz sózinde: «Adam kapıtalyn tárbıeleıtin – muǵalimder», - dep atty, demek bilimdi jas býynnyń sapaly bilimi bilikti muǵalimder men ǵalym-oqytýshylarǵa tikeleı baılanysty. Sondyqtan qoǵamdyq ómirdegi «Muǵalimderdiń mártebesin kóterý» máselesi búginde basshylyq tarapynan jiti qadaǵalanyp, suryptalyp otyr.

Sondaı-aq is-shara barysynda fakúltet stýdentteriniń, profesor-oqytýshylarynyń tarapynan qoıylǵan ártúrli saýaldarǵa tolyqqandy jáne jan-jaqty jaýap berildi. Sonymen qatar fakúltet stýdenttermen ózekti máseleler – ásirese, muǵalimder mártebesiniń kóterilýi, «adam kapıtaly», medısınalyq saqtandyrýǵa toqtala otyryp, damyǵan memleketterdiń baǵytyn saraptap, ǵylymı jetistikterin atap ótti.

Kezdesýdiń nátıjesinde M.Baqtıaruly basqarý aparatynyń basty qyzmetterimen, Senat basqarý tetiginiń negizgi mindetin, qoǵamdaǵy túıindi máselelerdi sheshýge baǵyttalǵan memlekettik baǵdarlamalarǵa sholý jasap, basty damýdyń negizi «adam kapıtalynyń» progresıvti túrde ilgerindi damýy bolyp sanalatyndyǵyn, al oǵan bastar kemel jol – bilimde ekenin jastarǵa nasıhat retinde aıtty.

Memleketti tolyq qurylym retinde qarastyrsaq, basqarýshy bılik ókilderiniń qarapaıym halyqpen kezdese otyryp, ózekti máselelerge ózara pikir almasýy – memleketimizdiń máselelerin ońtaıly sheshýge serpinin tıgizetini anyq.

***

**QazUÝ-dyń áskerı kafedra ujymy áskerı-patrıottyq sanany óskeleń upaq boıyna sińirý maqsatynda «Arystan» lıseıine baryp dáris oqyp qaıtty.**

«Elbasy Nursultan Nazarbaevtyń bilim qory aıasynda ashylǵan «Arystan» mamandandyrylǵan lıseıi elimizdiń qarýly kúshteri, ishki isteri men ulttyq qaýipsizdik salasyna bilimdi de, bilikti mamandar daıarlaý maqsatynda ashylǵan edi. 2011 jyly ashylyp, eń alǵash shákirt tárbıeleı bastaǵan «Arystan» lıseıi qysqa ǵana merzimde birshama jetistikterge qol jetkizdi. Biz 2013 jyly tuńǵysh túlekterimizdi lıseıden qanattandyrdyq. Sol túlekterimizdiń barlyǵy derlik áskerı joǵary oqý oryndaryna tústi. Bizdiń balalarymyz qazirgi tańda Reseıde, Belarýssıada, AQSH-ta, Túrkıada, Qytaıda bilimderin jalǵastyryp jatyr. Men bizdiń balalarymyzdyń bolashaqta elimizdiń múddesi úshin aıanbaı qyzmet etetin bilikti maman, naǵyz otan qorǵaýshylar bolatynyna kámil senemin» - dedi QazUÝ-dyń áskerı kafedra ujymymen kezdesken «Arystan» mamandandyrylǵan lıseıiniń basshysy, Qarýly Kúshterdiń qurmetti ardageri, general-maıor Sábıt Taýlanov.

Eki bólimnen turatyn dáris aıasynda «Óz Otanynyń patrıoty qalaı bolý qajet?!» taqyrybynda qazaqstandyq qoǵamnyń qundylyqtary, táýelsizdigimizdiń qaýip-qaterleri men synqaterleri týrasy sóz bolyp, dáris sońy "Men patrıotpyn!" atty konserttik baǵdarlamaǵa ulasty.

**КазНУ посетил президент фонда Qazaq House из королевства Нидерландов**

**1991 жылдың бірінші желтоқсаны мемлекетіміздің өз тағдырын өзі айқындаған алғашқы қадамы болды. Осыған орай, бұл күннің мемлекеттік мереке болып белгіленгені өте қуанышты.**

# ҚУАНЫШТЫ ОҚИҒА



Биыл да еліміз өз тәуелсіздігінің мерейтойын атап өтті. Осы кезеңде Қазақстан биік белестерге көтерілді. Сол аралықта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен еліміз биік белестерге көтерілді. Шеттегі қазақтың тағдырына алаңдап, сырттағы көшті Қазақстанға бұруға көп қолдау көрсетті. Соның арқасында шетелдегі қандастарымыз тарихи Отанына оралып, ортамызды толтырды.

Енді, міне, бүгінде тұңғыш президент Н.Назарбаев бүкіл қазақ жұртының сан ғасырлар бойы армандаған тілегін жүзеге асырған, елін асқақ биіктен көрсеткен дара, дана тұлға ретінде дүние жүзіне танылып отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы елімізді басқарған уақыт тарихи оқиғаларға толы болды. Бұл кезең еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін жариялаған Декларациясын, Қазақстанның жеке мемлекет екендігін көрсеткен Ата Заңын, мемлекеттің рәміздерін қабылдап, елімізді егемен мемлекет ретінде көптеген шет мемлекеттердің таныған кезеңі болып отыр. Еліміз президенттік басқару жүйесіне өтті. Биліктің барлық салалары Конституияға сай қызмет атқаруда. Мемлекетіміздің құқықтық қатынастарын реттейтін көптеген заңдар, кодекстер, заңнамалар қабылданып, мемлекеттік құрылыстың өркендеуіне сүбелі үлес қосылып жатыр.

Елімізде халықтар достығы нығайды, дүние жүзіне үлгі болатын Қазақстан Халық Ассамблеясы құрылып, адам мен адамзат құқықтары мен бостандықтарының өркениетті қағидалары толық жүзеге асырылды.

Қазақстанның біртұтастығын, демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет екендігін, адам құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін паш еткен Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы күнін тойлай өте орынды, қуанышты оқиға.

**Арықбай АҒЫБАЕВ,**
*ҚазҰУ профессоры,*
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

**Қазақстанның тәуелсіздік алып, өркениет көшіне дербес мемлекет ретінде ілескеніне жиырма екі жылдан асты. Осы уақыт бедерінде елімізді әлем таныды, әлемді біз де таныдық. Өткенге қайырыла қарап, тарихымызды бүгінгі көзқарас тұрғысынан қайта таразылау бақытына ие болдық. Тәуелсіздікке қол жеткізу қаншалықты қиын болса, оны сақтап қалу да соншалықты қиын екендігін, сәйкесінше, жауапкершілік те зор.**

Тәуелсіздігін алған жас еліміздің басты мақсаты – тәуелсіздікті тұрақты етуге талпыну. Сынай қарағандар мен сенімсіздік танытқандардың табасына қалмай ілгері ел, еңселі мемлекет атану. Қазақстан халқы тәуелсіздік ұғымын Н.Назарбаев атымен тікелей байланыстырады. Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаушы– еліміздің Тұңғыш Президенті, халқымыздың тұғырлы, бай-қуатты, бейбіт ел ретінде серпінді дамуына жол ашушы, заманымыздың аса көрнекті мемлекет қайраткері Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде әлемдік аренадағы ең ірі саяси тұлғалардың бірі. Ол ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да алғыр басшы. Ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысын терең білу, маңдай тіреген проблемалардың ең елеулісін тап басып тани алу, ел ішіндегі және әлемдік ахуалдармен санаса отырып ұрымтал әрекеттерге бару, сол жолда таңдалған бағытын табандылықпен жүзеге асыру - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет басшысы ретіндегі басты қасиеті. Оның соңғы жиырма жыл ішінде көтерген жаһандық саясатты қамтитын бастамалары әлемдік саясатқа ірі бетбұрыстар әкелді.

Қазіргі қазақ қоғамы, қазақ жастары үшін тұлғаларға қарап бой түзеу де қолайлы алғышарт. Тұлғаларсыз тарихтың шығыршығы айналмайды. Жақсы қасиеттеріне жан сүйсініп, парасатынан қуат алатын тұлғалар артсын деген тілек біздікі. Қазіргі қазақ жастарының феномені елбасшымыз, ерқосшымыз Н.Ә. Назарбаев деген білеміз. Оның ел бірлігі мен ұрпақ дербестігіне қосқан үлесі елге мұра, ұрпаққа ұран.

Тәуелсіздігімізді алғанымызға жиырма жылдан астам уақыт аралығында Елбасымыз елімізге ерен еңбек сіңіріп, халықаралық аренада жаңа деңгейге көтерді деп мақтан тұта аламыз. Қазақстандықтар үшін де елдің тыныштығын орнатып, көптеген халықтар арасындағы ауызбіршілікті сақтап, бұқара халыққа қажетті жұмыс орнымен әлеуметтік қажеттіліктерді өтеп шықты. Ол үшін барлық халық риза әрі қуанышты. Бұл игі істерді өскелең ұрпақ жетік біліп, осындай елде тұрып жатқанын мақтан тұтуы қажет. Осынау ғибраты мол тағылымды әрқашан да жадымызда сақтап, тәуелсіздігіміздің іргетасын нығайта түсу әрқайсымыз үшін үлкен парыз. Тұңғыш Президент күні құтты болсын!

**А. МОЛДАҒАЛИЕВА,**
*кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы*

# «Мен Қазақстанның патриотымын»

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздік күні қарсаңында «Әскери журналистика» мамандығы бойынша оқитын әскери кафедра студенттері оқытушылар басшылығымен «Мен Қазақстанның патриотымын» атты дәріс өткізді.**



Дәріс екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде болашақ әскери журналистер жоғары сынып оқушыларына «Өз Отанының патриоты қалай болу қажет?!» тақырыбы барысында қазақстандық қоғамның құндылықтары, тәуелсіздігіміздің қауіп-қатерлері мен сын-қатерлері туралы сөз өрбіді. Дәрістің екінші бөлімінде, «Өзін-өзі тану» гимназиясының салтанатты залында барлық жоғары сынып оқушыларына "Мен патриотпын!" атты концерттік бағдарлама көрсетілді. Студенттер оқушыларға қазақ хандығының құрылуынан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасу тарихын ашық және бейнелі түрде айтып берді.

«Өзін-өзі тану» гимназия директорының орынбасары Ирина Григорьева «ҚазҰУ-дың әскери кафедрасы болашақ әскери-патриотты ұрпақты тәрбиелеуде ерен еңбегі зор. Осы ретте мен әскери кафедра ұжымының жұмысын жоғары бағалап, алғысымды білдіремін» – деді орынбасар.

Бүгінде ҚазҰУ мен «Бөбек» Ұлттық орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға сәйкес ҚазҰУ әскери кафедрасының оқытушылар құрамы мен студенттері бірнеше жыл бойы «Бөбек» ҰО «Өзін-өзі тану» гимназиясының оқушыларымен әскери-патриоттық жұмыстарды белсенді жүргізіп келеді.

**Әскери кафедра**

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздік күні қарсаңында «Әскери журналистика» мамандығы бойынша оқитын әскери кафедра студенттері оқытушылар басшылығымен «Мен Қазақстанның патриотымын» атты дәріс өткізді.**

# ХАЛҚЫМЫЗҒА ОРТАҚ МЕРЕКЕ

Желтоқсан келіп жеткенде, еліміз тойлайтын алғашқы мереке – Тұңғыш Президент күні. Бұл-барлық халқымызға ортақ мереке. Қара шаңырақ ҚазҰУ үшін Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың оқу орнымызға білдірген қолдауының орны ерекше. Осы орайда, жыл сайын бұл мейрам түрлі іс-шараларға толы болады. Биылғы жыл біздің факультет үшін ҰҒА академигі Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлының Президент күніне орай ұйымдастырылған факультет ұжымы мен студенттерімен кездесуі факультетіміздің іс-шараларын бастады.

Төлеген Әбдісағиұлы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың елге сіңірген еңбегі, соның ішінде университетіміздің дамуына қосқан үлесі жайында жүйелі баяндама жасады.

Жыл өткен сайын үдемелі даму үстінде келе жатқан оқу орнымыздың әрбір асқан белесінде елбасы өз қолдауын білдіріп отырғандығын атап өтті.

Осы уақытқа дейін бірнеше өтпелі кезеңнің реформаларынан сүрінбей, жаңа оқу жүйесін көш алды қолданып келе жатқан оқу орнымыз үшін тұңғыш Президентіміздің алар орны ерекше екенін тұжырымдады.

ҚазҰУ кешені құрылысының екінші кезеңін бастауда Н.Ә. Назарбаевтың өз қолымен ғимараттардың алғашқы кірпішін қалағаны және «Алтын сапа» белгісін өз қолымен университет ректорына табыстауы, Елбасы сенімінің дәлелі болып табылады.




Сонымен қоса, тұңғыш Президентіміз Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында студенттермен кездесіп, 100 президенттік шәкіртақы тағайындады. Бұның барлығы Елбасымыздың біздің қара шаңыраққа ерекше назарын салып, университетіміздің әрбір маңызды кезеңдерінде бізбен бірге болғандығын көрсетеді. Барлық жасаған игі істері үшін Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевқа біз шексіз алғысымызды білдіріп, тәуелсіздігіміздің символы ретінде жастарға өнеге болып жүре беруін тілейміз.

**Ф. БЕЛИСАРОВА,**
*теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

***Әл-Фараби кітапханасында Тұңғыш Президент күніне орай «Евразия» арнасының бас директоры Сергей Кисилевтың дәрісі өтті***

# Қайта оралған құтты мұра

**Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары мен әрекеттері XX ғ. 60-70 жылдарынан басталып, Қазақстан фарабитанудың әлемдегі ең үлкен орталықтарының біріне айналды. Қазақстандық фарабитанудың басында, негізгі ұйытқысы, мұраларын тұңғыш іздеуші, аударушы, мәселені көтеруші ретінде А.Машани мен А.Көбесов есімдері аталса, ал 1968 ж. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында «Әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ» құрылды, топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжанов үйлестірді.**




Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі мен энциклопедиялық ғылыми мұрасы, рухани әлемі оның көзі тірі кезінде-ақ сол заман ғалымдарының назарын өзіне аудара бастаған. Фараби өмірден өткеннен кейін бұл зерттеулер бүгінде әлемнің алуан тілде жазатын ғалымдар шығармаларымен толығып, «Фарабитану» атты бір тұтас ғылым саласына айналды. Фарабитануды құрайтын сол мұраны шартты түрде бес топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары кіреді. Екінші топқа Фарабитанудың тағы бір үлкен саласын XIX – XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдары толықтырды. Фарабитанудағы үшінші топты батыс авторлары құрайды. Бұл саладағы фараби мұрасына қызығушылық XV ғасырдан басталады. Фарабитанудағы төртінші топқа патшалық Ресей және кеңес заманындағы шығыстанушылар жатса, Фарабитану ғылымының бесінші тобына түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады. Өткен ғасырдың ортасында бұл іске түрік оқымыстылары білек сыбана атсалысты. Олардың ішінде А.Атеш, К.Бурслан, Н.Кеклик, С.Ануар, Х.Үлкендер бар. Әсіресе, Ахмед Атештің «Фараби шығармаларының библиографиясы» (1951), Зия Үлкенің «Ислам философиясының тарихы» (1957), Нихат Кекликтің «Мантық тарихы» (1969) еңбектері түрік фарабитануының көш басында тұрған дүниелер. Профессор А.Атештің библиографиясында әл – Фарабидің 160 трактатының аты аталып, олардың қашан, қай жерде жарық көргені немесе қайда сақталғаны жөнінде толық мағлұматтар келтірілген. Ал XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басында фарабитану ғылымына өзіндік үлесін қосып жүрген түркі әлеміне белгілі ғалым профессор Бекір Қарлығанның еңбектерін ерекше атап өткеніміз жөн.

Түрік ағайындар бірінші болып 1950 жылы Анкара және Ыстамбұл университеттерінде әл – Фарабидің қайтыс болғанына 1000 жыл толуын кеңінен атап өтті.

Қазақстандық фарабитанушылардың отандық фарабитануға қосқан үлесіне тоқталатын болсақ, белгілі фарабитанушылардың бастауымен әл-Фарабидің еңбектері қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. А.Х.Қасымжанов үйлестірген «Философия тарихы және Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойлар» бөлімі жанынан құрылған шығармашылық топта И.О.Мұхаммед (Иран), еуропа тілдерінің маманы Б.Я. Ошерович, шығыс математикасының маманы А.Қ. Көбесов, арабтанушылар А.С. Иванов, К.Х.Таджикова, Н. Караев сынды ғалымдар болды, сонымен қатар мәскеулік арабтанушылар Б.Г. Ғафуров және А.В. Сагадеевпен байланыстар орнатылды. Осы ғылыми шығармашылық топтың арқасында ұлы ғұлама философ әл-Фарабидің шығармашылығымен, қолжазбаларымен мұқият танысуға зерделі зерттеулер басталып кетті. Өткен ғасырдың соңғы ширегінде А.Қасымжанов, М.Бурабаев, Ә.Дербісалиев, Қ.Жарықбаев, Г.Шаймуханбетов, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитану кеңістігін ұлғайта түсті. Алғаш рет әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», «Логикалық трактаттары», «Математикалық трактаттары», сондай-ақ «Птоломейдің «Алмагестіне» түсініктеме» атты мирастары қазақ-орыс тілдерінде жарық көрді.

1970-жылдары кеңестік қоғамның академиялық ортасында әл- Фарабидің (870-950) философиялық мұрасына ерекше қызығушылық пайда болды. Бір қарағанда, осы бір асыл мұра Орталық Азиядағы ойшылдың отанында, сондай-ақ Ресей мен бүкіл Кеңес Одағында зиялылар қауымына енді ғана белгілі бола бастаған немесе ежелден беймәлім сияқты көрінді. Бұл қызығушылық белгілі бір дәрежеде Ресейде білім алған және академиялық шыңдалудан өткен ортаазиялық философтардың өз өңірлерінің зияткерлік келбетін жасауға деген ұмтылысынан туындады. 1970 жылы Алматыда әл- Фарабидің таңдамалы философиялық трактаттары үзінділерінің аудармасы жасалды, одан кейін математика, әлеуметтік-этикалық мәселелер, логика бойынша трактаттарының үзінділері жарыққа шықты. Бұдан әрі кеңестік идеологияның қағидаларына сәйкес жасалған философия тарихына әл-Фарабидің қосқан үлесін қорытуға арналған еңбектер пайда бола бастады.

Қазақстанда әл-Фараби есімі XX-ғасырдың жетпісінші жылдары айрықша танымал болды. Бұл, ең алдымен, әл-Фараби ғұмырнамашыларының IX-X ғасырларда бүгінгі Қазақстанның аумағында орналасқан Фарабты оның отаны деп санауына байланысты еді.

> **«Ортағасырлық ғылым таарихында өзінің ауқымды ғылыми жұмыстары, терең әрі жан-жақты энциклопедиялық білімі жөнінен Әл-Фарабимен теңдесе алатын ғалымды табу қиын»**
>
> **П.Н. ФЕДОСЕЕВ, атақты орыс ғалымы**

Отандық ғалымдардың Фараби мұраларын зерттеудегі еңбектері өте ауқымды болғанын атап өттік. Ал әл-Фарабиді зерттеу шет елдерде де осыған дейін болған ба еді? Болса ол қай деңгейде орындалды деген орынды сұрақ туады. Әрине әл-Фараби сияқты ғаламдық тұлғаның еңбектері көп уақыттан бері әлемнің көптеген ғалымдары тарапынан зерттеліп келеді. Біздің еліміздегі зерттеулер осы үлкен үдерістің жалғасы. Әл-Фараби есімі көптеген еуропа елдеріне ертеден танымал болып, XII-XIII ғғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар зерттеу жұмыстары XVIII-XIX ғғ. ортасында шыға бастады. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек фиолософиясымен көп жағдайда әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Мәселен, XIIғ. кезінде оның «Ғылымдар классификасы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Альфарабиуса» - «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі» және Аристотельдің «Физика», «Поэтика» еңбектеріне түсініктемелері, «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XIIғ. бастап XVIIғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды. әл-Фарабидің кейбір трактаттары осы күнге тек латын тіліндегі аудармалар арқылы жетті, ал араб тіліндегі кейбір қолжазбалары өкінішке орай сақталмаған.

Алғаш 1481 жылы Венецияда әл – Фарабидің риторикаға қатысты екі трактаты латын тіліне аударылса, 1638 жылы Парижде «Ғылым туралы», «Сана және ойлау мүмкіндігі» трактаттары тағы да латын тілінде басылды. Кейінгі ғасырларда ұстаз мұрасына деген ынта бәсеңдеп, 1836 жылы Август Шмельдерс әл – Фарабидің 3 трактатының арабша түпнұсқасы мен латынша аудармасын басып шығарғаннан соң бұл игілікті іс қайта жалғасын тапты. А.Шмельдерстің ізденістерін кейін оның шәкірті П.Бронле жалғастырды.

XIX ғасыр соңында ұстаз мұрасына неміс ғалымдары да баса назар аудара бастады. Алғашқылардың бірі болып М.Штейншнейдер «Әл – Фараби» атты еңбегін жарыққа шығарды. Дегенмен ұстаз еңбегін неміс оқырмандары арқылы күллі Еуропа жұртшылығына кеңінен таныстырған аса көрнекті фарабитанушы, неміс ғалымы Фридрих Дитерици болды. Ол 1890 жылы Лондон, Лейден, Берлин қалаларында сақталған қолжазбалар негізінде әл – Фарабидің 8 трактатын араб тілінде шығарса, екі жыл өткен соң бұл трактаттарды неміс тіліне аударып, кең көлемді алғы сөзбен жеке кітап етіп бастырды. Ф.Дитерици 1890 – 95 жылдарда ұстаздың іргелі еңбегі «Қайырымды қала тұрғындары», т.б. философиялық трактатын жариялады. Бұл басылымда әл – Фараби еңбектерін бүкіл батыс жұртшылығына кеңінен таратып қана қоймай, Еуропаның әйгілі философтарының назарын ұстаз мұрасына аударды. Солардың ішінде XX ғасыр басындағы атақты неміс философы, «Еуропаның күйреуі» атты еңбектің авторы Освальд Шпенглер болды.

Оның бұл еңбегі 1918 жылы жарық көрісімен – ақ автордың есімін әуелі неміс жұртына, кейін бүкіл әлемге мәшһүр етті. Соның нәтижесінде О.Шпенглер әлем философиясы мойындаған XX ғасыр ойшылдары қатарынан ойып орын алды.

«Еуропаның күйреуінде» әл – Фараби есімі екі рет аталады. Алғашында әлем тарихының морфологиясына арналған салыстырмалы кестенің «Аяқталған ұлы жүйелер» бөлімінде әл-Фараби есімі жай ғана аталып өтсе, кейін Шпенглер: «арабские мыслители зрелого времени – а среди них были первостепенные умы, как, например, Аль – Фараби», - деп ұстаз ойшылдығына өте жоғары баға береді (Шпенглер О., Закат Европы. М., 1998, сс. 104, 274). Әйгілі неміс философы осы пікірлердің әсерімен: «Арабская культура – это культура религий откровения – иудейства, христианства, ислама», – деп араб мәдениеті туралы әділ пікір айтады (Сонда, 359 – бет).

Шындығында, орта ғасырлардан бастап, күні бүгінге дейін батыс қоғамында исламды христиан, яһуди діндеріне қарсы қою тенденциясы жойылмай келеді. Қасиетті «Құранда» олар «ахл ал – китаб» яғни «кітап түскен адамдар» деп құрметпен аталады. Исламда төрт кітаптың төртеуіде («Құран», «Таурат», «Зәбүр», «Інжіл») қасиетті саналып, оларға құрметпен қарау ұсынылады. Өкінішке орай, кейбір батыс социологтары мұны көре тұра көргісі келмей, исламды қаралаудан танбай отыр. О.Шпенглер мұны дұрыс байқап, орынды, орнықты баға берген. Бұл, сөз жоқ, әл – Фараби мұраларын оқығаннан кейін туындаған пікір.

Әл-Фарабидің кеңестік ғылымға қайтып оралуы жөнінде айтатын болсақ, әл-Фараби туралы орыс тіліндегі «Европалық энциклопедияда» келтірілген материалдарға 20-ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін айтарлықтай назар аударылған жоқ. Бұл Кеңес Одағындағы гуманитарлық ғылымның дамуының бірқатар ерекшеліктеріне байланысты болды. Олардың ішінен жаңадан жасалған марксистік-лениндік ілімнің басымдықтарына академиялық пән ретінде философияның бағындырылуын атауға болады. Онда ислам философиясындағы араб-мұсылман ойшылдарының іліміне орын табылған жоқ.

Отандық фарабитанудағы сүбелі еңбек туралы айтатын болсақ, 1975 жылы Абу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған үлкен халықаралық ғылыми конференция «Мәскеу-Алматы-Бағдад» қалаларында болып өтті. Сөйтіп Алматы аз уақыттың ішінде әл-Фараби мұраларын зерттейтін ғылыми орталыққа айналып, ол жұмыстар шетел ғалымдары арасында да кеңінен танымал болды. Сондай-ақ, 1975 жылы Мәскеу қаласында белгілі шығыстанушы ғалым Б.Г. Ғафуров пен А.Х. Қасымжановтың орыс тілінде шыққан «әл-Фараби мәдениет тарихында» («Аль-Фараби в истории культуры») атты кітабы араб-мұсылман философиясы мен мәдениетін, фарабитанумен шұғылданушы ғалымдар арасында үлкен сұранысқа ие болса, ал 1982 жылы Мәскеу қаласындағы «Мысль» баспасынан ғалымның «Аль-Фараби» атты кітабы көпшілікке кеңінен танымал болды. Сондай-ақ, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ануар Алимжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романы қазақ оқырмандары арасында үлкен резонанс туғызды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің таңымен қазақтың ғылымы мен білімінің қара шаңырағы атанған Қазақ ұлттық университетіне 1991 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. Ал 1993 жылы әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықты отандық фарабитанудың негізін қалаушылардың бірі профессор А.Х. Қасымжанов басқарды.

Әл-Фараби зерттеу орталығында әл-Фараби мұрасын зерттеп, насихаттауға қатысты монографиялар мен көптеген ғылыми мақалалар жарық көруде. Сондай-ақ әл-Фараби бабамызды әлемдік деңгейде танытуда да іргелі жұмыстар жасалынуда. 2010 жылдың 18 қарашасында Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменовтың ұйымдастыруымен «Әл-Фараби және еуропалық өркендеу дәуірі» атты дөңгелек үстел өтті. Бұл жиынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары мен қазақстандық фарабитанушы ғалымдар өз үлестерін қосты.

Қазіргі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде арнайы ашылған әл-Фараби мұражайы жұмыс жасайды.

Айта кетерлік жайт, университет ректоры академик Ғ.М. Мұтанов мырзаның бастамасымен әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы халықаралық Абай клубы мен оның Президенті белгілі жазушы Роллан Сейсенбаевпен бірлесе отырып әл-Фараби трактаттарын қайта басып шығару жұмысы жолға қойылды. Бұл еңбектердің қайта оралып жаңарып бастырылуы жас ұрпақтар үшін Фараби мұраларын танып-білуде үлкен септігін тигізері анық.

ҚР БҒМ қолданбалы ғылыми зерттеулер жұмыстары аясындағы орталықтағы шығармашылық топ әл-Фараби мұраларын зерттеу бойынша гранттық жобаларды сәтті жүзеге асыруда.

2014 жылдың 2-12 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерей тойына орай тұңғыш «I Халықаралық Фараби оқулары» өтті, бұл дәстүр жыл сайын жалғасын табуда. Қазақ ұлттық университетінде «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» атты Қазақстан мен Орталық Азиядағы тұңғыш ғылыми-инновациялық жоба қолға алынып, іске қосылуда. Әл-Фарабидің әмбебап рухани құндылықтар негізінде құрылған «қайырымды қала» әлеуметтік идеал идеясы осы жобаның маңызды рухани-адамгершілік бастау-бұлағы болып табылады.

Түйіндеп айтар болсақ, ұлы жерлесіміз, ғұлама ғалым әл-Фараби еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ, мұраларының қазақ даласына қайта оралуы және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды.

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**
*философия кафедрасының профессоры, филос. ғ.д.,*
*әл-Фараби орталығының директоры*

**28 ноября прошла лидерская встреча с директором международной организации - Центра по чрезвычайным ситуациям и снижению риска стихийных бедствий Джергалбеком Укашевым**

# ДЕПУТАТПЕН КЕЗДЕСУ

**Жуырда Тұңғыш Президент күнін мерекелеу аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттері Алматы қаласының мәслихат депутаты, Нұр-Отан депутаттық фракциясының орынбасары, Білім саласының құрметті қызметкері Роза Бадаевамен кездесті.**

Роза Кеңесханқызы өзінің құттықтау сөзінде студенттерге Қазақстан халқы Тұңғыш Президент күнін жетінші жыл атап өтетіні және бұл мереке өзге мерекелерден өзінің көп қырлылығымен ерекшеленетіні туралы айтты.

1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстандағы тұңғыш бүкіл халықтық Президент сайлауы өтіп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа 98,78 пайыз дауыс беру нәтижесінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып сайланды.

1991 жылдың 10 желтоқсанында Тұңғыш Президент Қазақ ССР-ін Қазақстан Республикасына қайта атау туралы Заңға қол қойды және осы жылдың 16 желтоқсанында Жоғарғы Кеңес Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады, ал бұл Қазақстанның егемен мемлекет болғанын білдіреді.

Ұлт Көшбасшысы, Тұңғыш Президенттің басшылығымен Қазақстанның көпұлтты халқы жаңа елді құра бастады. Бұл қиын, бірақ даңқты жол болды. Көп ұлтты Қазақстан халқы Елбасының айналасына топтасты, өйткені ол ел Президенті мәртебесіне ие бола отырып, ұлт бірлігін нығайтуды, Конституцияны, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етті.

Ел ішінде де, одан тыс жерлерде де Қазақстанның Тұңғыш Президенті күрделі саяси жағдайларда бейбітшілік пен келісімді қолдауға ерекше назар аударды.

Қазақстан халқының бастамасы бойынша Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегін тану мақсатында 1 желтоқсанда Қазақстанның көп ұлтты халқы жыл сайын атап өтетін мерекелік күн болды.

Содан кейін Роза Кеңесханқызы қатысып отырған студенттерден сұрақтар мен ұсыныстарды мұқият тыңдады. Бірдебір сұрақ жауап пен назарсыз қалған жоқ. Көптеген студенттер өздері туралы, өз жоспарлары, мамандығы туралы және Қазақстандағы білім берудің дамуы туралы айтып берді.

Студенттер Роза Кеңесханқызы кездесуге алғысын білдіріп, келе жатқан Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, Нұр Отан партиясының депутаттық фракциясының орынбасары ретінде жемісті еңбек тіледі.

**География және табиғатты пайдалану факультеті**

**Жақында университетіміздің механико-математика факультетіндегі Ө.Жолдасбеков атындағы залында Бостандық ауданының соғыс және еңбек ардагері қатысуымен Қариялар күніне арналған кездесу өтті.**

# ҚАРИЯЛАР – ҚАЗЫНАМЫЗ, ЖАСТАР – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Қариялар күніне арналған жиынға төрт жүзге жуық студент қатысты. Сондай-ақ бұл шара биылғы Жастар жылымен де ұштастырылып өткізілді. Бұл біздің университетімізде ұйымдастырылып отырған кезекті ауқымды шара. Қазақта «Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» деген қанатты сөз бар. Бәріміз білетін және жиі айтатын бұл сөз – халқымыздың қадірлі ұғымының бірі. Жалпы, қанатты қағидалар қағаберісте, жай әншейін айтыла салмайды. Өмірден көрген түйін, тұрмыстан көрген тәжірибе бағалы сөздің салмағын санаға салады.

Кездесуде жастар алдында сөз сөйлеген әр факультеттің профессорлары Ө.Қ.Щеденов., Ж.Түркменұлы, Ж.С.Садықов, А.Х.Абілдаев, Б.К.Қазыбеков, К.Ш.Баймишевалар, сондай-ақ Бостандық ауданының соғыс және еңбек ардагерінің орынбасары Ада Ұзақова биыл өткізіліп жатқан Жастар жылы мен Қарттар күнін байланыстыратын тақырыпта, аға буын мен жас ұрпақты өзара сабақтастықтар идеясын жүзеге асыру бағытында әңгіме өрбітті. Өздерінің өмір тарихынан мысалдар келтіре отырып жастарға тәлімдік мсалдар айтты. Осы шараға қатысқан жастар ішінен студенттер мен магистранттардың «Сұңқар» кәсіподағы төрағасы Ш.Бүрлібаева, студенттер Б.Нуриддин, З.Құрманғожиновалар қазіргі студенттік өмір жолдарындағы, оқу біліміндегі табыстары және қоғамдық жұмыстары жайлы ой пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар жиында Қариялар күніне және Жастар жылына арналған Бостандық ауданының «Ақ Сұңқар» ансамблінің жетекшісі, композитор – ақын, профессор Ақайша Исағұлованың ұйымдастыруымен қариялар тобы концерт қойды. Хор және жеке орындаушылар қазақтың және басқа ұлттардың әндерін шеберлікпен орындады. Концертте университет студенттері де өнер көрсетті.

Алдағы уақытта да қарттарға қамқорлық көрсету жұмыстары қалада ғана емес, аудан, университеттер қабырғаларында жалғасады. Бұл шаралар бір күндік қана емес, әрі қарай да ұрпақтар үндестігін арттыратын, тағылымдылық ұлағатты байыта түсетін, өркендердің өрісін өсіретін, дәстүрлі мәдениет, әдет ғұрпын халық арасында кең тарату жұмыстары ретінде жалғасын табатын болады. Бұл бағытта университет «Ақсақалдар кеңесінің» бастауымен үлгілі өнегелі кездесулер өткізіле бермек.

**Ө. ШЕДЕНОВ**

*ҚазҰУ-дың Ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары, профессор*

# AlmaCon зажигает таланты

**В Алматы прошел Международный фестиваль комиксов и поп-культуры в Центральной Азии AlmaCon, в котором принял участие издательский дом «Қазақ университеті», а студенты КазНУ им. аль-Фараби заняли призовые места.**




Фестиваль собрал более 8000 посетителей – любителей комиксов, кино, аниме, косплея, сериалов и настольных игр. В этом году в качестве партнера мероприятия выступил Издательский дом «Қазақ университеті».

В специальной зоне «Комикс-фабрика» тысячи детей создавали рисунки на самые разные темы, фантазировали и творили. В рамках фестиваля издательский дом «Қазақ университеті» провел конкурс «Лучший комикс».

О том, как прошло мероприятие, нам рассказала маркетолог Издательского дома «Қазақ университеті» Мерей Сембаева.

**Что повлияло на ваше решение принять участие в фестивале комиксов AlmaCon?**

Во-первых, во всем мире фестивали комиксов проводятся совместно с выставками издательской продукции или же в рамках книжных ярмарок. Это мировая практика. К примеру, на знаменитой Франкфуртской книжной ярмарке в последние дни можно наблюдать огромное количество косплеев, разодетых в костюмы своих кино- и комикс-героев.

Комиксы появились около ста лет назад, но, несмотря на это, влияние их на сознание людей с каждым годом только растет. О многом говорит тот факт, что самым кассовым стал фильм из коллекции вселенной Марвел «Мстители. Финал». Он собрал за один месяц проката больше, чем знаменитый фильм Джеймса Кэмерона «Аватар» за шесть месяцев. Безусловно, фестивали комиксов должны быть в списке мероприятий, которые нужно поддерживать.

Основная цель нашего участия – знакомство с новыми людьми, которые впоследствии могут стать нашими коллегами. Иными словами, мы используем выставку комиксов как площадку для рекрутинга.

И, наконец, своим участием в комикс-фестивале мы хотим донести до молодого поколения идею, что без науки и образования невозможно написать хороший сценарий произведения, будь то комикс (который сегодня является основой для многих фильмов) или книга. Ведь большинство комикс-героев – это люди науки, совершающие открытия.

**Расскажите о том, как прошел конкурс «Лучший комикс»?**

Конкурс был организован с целью поиска молодых талантливых художников-иллюстраторов. В состязании могли принять участие все без исключения: как любители, так и профессионалы со специальным образованием. Мы объявили о проведении конкурса за полтора месяца до фестиваля и отобрали лучшие, на наш взгляд, работы, которые были представлены гостям AlmaCon в рамках «Комикс-фабрики». Учредили главный приз конкурса – издание комикса в Издательском доме «Қазақ университеті» в количестве 100 штук.

Хочу отметить высокий уровень конкурсных работ, не только талантливо иллюстрированных, но и разнообразных по тематике (человеческие ценности, проблемы экологии, взаимоотношения между людьми, моменты истории и элементы фантастики).

**Расскажите об итогах фестиваля?**

Конкурсные работы оценивало профессиональное жюри, в которое вошли: директор Издательского дома «Қазақ университеті» Алмаз Асан, художник-иллюстратор Мадибек Мусабеков, автор комиксов и главный редактор издательства «КомФедерация» Степан Шмытинский, директор издательства «Комильфо» Михаил Богданов.

В результате были определены победители: Гран-при – Айсулу Талканбай, 1 место – Амина Тазиатова, 2 место – Максим Пономаренко, 2 место – Little Public, 3 место – Дэвид Енот, 3 место – Олег Цой, 3 место – Кабдолов Максим. Приз зрительских симпатий по количеству набранных голосов посетителей Алмакона получил Олег Цой «Форт Туманный».

Призовые места взяли студенты КазНУ им. аль-Фараби: Дауренова Дана (2-е место) и Кабдолов Максим (3-е место).

Желаю всем, кто «болеет» комиксами и любит рисовать, и дальше совершенствовать свое мастерство. Было бы замечательно сделать этот конкурс хорошей традицией Издательского дома «Қазақ университеті». Принимая участие в фестивале, мы вносим свою лепту в развитие и становление отечественной поп-культуры.

**Соб. корр.**

**29 қараша күні ҚазҰУ-да «Заманауи туризм дамуының проблемалары» атты халықаралық конференция өтті**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ҒИБРАТҚА ТОЛЫ ҒҰМЫР

Қоғамдағы, ғылыми, ұстаздық еңбектеріңіз бағаланды, Елбасы алғыстары, «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісі, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ЖОО Үздік оқытушысы, Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері атанғаныңыз осы талмас еңбек пен ізденіс қасиеттеріңіз деп бағалаймыз. Сіздің ұлт руханиятына, қазақ тіл білімі мен ғылымына сіңірген айрықша еңбектеріңіз, ізденіс пен еңбекке толы өмірлік жолыңызы жеткіншек буын, жас ұрпаққа әрдайым үлгі, - деді салтанатты жиынды ашқан құттықтау сөзінде университет ректоры Ғалым Мұтанұлы.



Тұсаукесер рәсімінде Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахетов, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек, филол.ғ.д., профессор Асқар Жұбанов, «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын Ғалым Жайлыбай құттықтау сөз сөйледі. Жұбановтар әулетінің жалғасы, тілшілер қауымының үлкен ақсақалы Асқар Жұбанов, ақын Ғалым Жайлыбай кітаптың тұсауын кесті.

Ғалымның ұлт руханиятына, қазақ тіл білімі мен ғылымына сіңірген еңбектері туралы профессорлар Әлімхан Жүнісбек «Әдіскер-ғалымның төл әдісі», Жамал Манкеева «Қатысымдық әрекеттің тілтанымда зерттелуі», филол.ғ.к. Ерлан Қасенов«Ұстаздығы ізгілікпен астасқан...», факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлы «Университеттің мақтан тұтар түлегі» атты тақырыптарда баяндамалар жасады.

Ғалымның адамдық-тұлғалық болмысы, саналы ұрпақ тәрбиелеуге қосып жүрген зор үлесі, осы кезге дейін жарық көрген 7 монография, 50-ден астам оқулық, 75 оқу құралы, 500-ге жуық ғылыми мақалалары, ұстаздың еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының нақты айғағы екендігі туралы баяндамаларда жан-жақты қамтылды.

Фаузия Шәмсиқызы Оразбаева 1971 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың филология факультетіне оқуға түсті. Оқуға деген құштарлығының арқасында университетті де үздік бітірген жас біржола ғылымға бет бұрып, 1975 жылы осы университеттің аспирантурасын ойдағыдай бітіріп шықты. 1989–1991 жж. аралығында ҚазМУ-дың доценті болып еңбек етті. Ғалымның әл-Фарабидей әлемдік ғұламаның атын иеленген осы қасиетті білім ордасының түлегі екендігін, университет қабырғасында жемісті еңбек еткендігін, бүгінде ҚазҰУ-дағы әріптестері мен кейінгі буын шәкірттер әрдайым мақтан тұтатынын айта келіп, университет ректоры Ғалым Мұтанұлы әл-Фараби Күміс медалімен марапаттады.

Өнегелі өмірдің нағыз үлгісін танытып жүрген ғалымның ізденіс пен еңбекке толы ғибратты ғұмыры әрине кейінгі буынға үлкен өнеге екендігі анық.

**Алтынай ТЫМБОЛОВА,**
*қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.д.*

**В КазНУ состоялась встреча с известными личностями Казахстана – режиссером Ермеком Турсуновым, этнодизайнером Ырза Турсынзада, акыном Арманом Бердалиным в рамках проекта по антикоррупционной политике «Саналы урпак». Ораторы смогли увлечь студентов, рассказав о своем пути к успеху и главных жизненных принципах.**

# ЧЕСТНЫЙ УСПЕХ

Организатором мероприятия выступил антикоррупционный клуб «Саналы урпак». Его руководитель Кайыржан Токушев представил почетных гостей КазНУ, подчеркнув, что это известные состоявшиеся люди, которые добились успеха своими силами.

Первым выступил Ермек Турсунов. Он рассказал студентам о том, как учился в КазНУ, и был отнюдь не прилежным студентом, но писал статьи в газету «Ленинская смена». «В наше время тоже была коррупция, – вспомнил режиссер. – Мы – студенты - копали огород преподавателям, строили бани, и за это получали хорошие оценки».

Творческие способности студента Турсунова заметил главный редактор газеты «Ленинская смена» и пригласил на работу. Так начался непростой путь будущего режиссера в профессию. Он поступил во ВГИК при конкурсе 14 человек на место, окончил институт кинематографии, участвовал в движении «Невада-Семей». Уехал работать в США, где получил очень ценный опыт и вернулся на родину, чтобы здесь снимать фильмы и реализовывать свои творческие цели.

Будучи прекрасным рассказчиком, известный режиссер увлек студентов простыми словами, идущими от сердца. «Вы еще молодые. Завтра получите дипломы, пойдете работать. Вы не думайте, что везде нужно разводить, давать взятки, искать родственников, - обратился Ермек Турсунов к молодежи. - Надейтесь на себя! Потому что у каждого есть своя звезда! И она смотрит на тебя. Если ты с самого начала пойдешь кривым путем, тебе придется идти им всю жизнь. Я никогда не давал никому взяток, не разводил, с продюсерами в сговор не входил. И так проще всего жить. Я вам всем желаю удачи! Если вы все состоитесь как личности и профессионалы, сможете помочь родителям в старости. Почаще задавайте себя непростые вопросы. Спрашиваете, зачем я пришел в КазНУ, что буду дальше делать. Работайте над собой!»

Вспоминая свою молодость, этнодизайнер Ырза Турсынзада рассказала, что и ей пришлось столкнуться со случаями коррупции, когда преподаватели вызывали студенток к себе домой, чтобы те мыли посуду, накрывали на стол, обслуживая гостей. Но принципиальная студентка Ырза Турсынзада отказывалась в этом участвовать и получала отличные оценки только благодаря своим знаниям. «Ваше счастье в том, что вы родились в независимой стране. У вас абсолютно чистое сознание!» - подчеркнула в своей речи Ырза Турсынзада. – Сегодня весь мир – на расстоянии кнопки. А мы просиживали дни и вечера в библиотеках. Сейчас прекрасное время для вас! Дерзайте и ищите себя!».

Вдохновляющую речь произнес и известный акын Арман Бердалин. «Одно деревце не станет лесом, один кол – крепостью, – вспомнил казахскую поговорку спикер. – Так и агентство по борьбе с коррупцией не сможет преодолеть всю коррупцию в одиночку. Мы все должны участвовать в этой борьбе, включая вас – молодых и сильных. Я хочу пожелать вам, чтобы ваши знания, полученные в этом учебном заведении, помогли вас в будущем стать достойными гражданами нашей страны».

Простые истины в устах талантливых людей превращаются в алмазы, западая в душу. Студенты покидали зал с багажом впечатлений, чтобы обдумать речи выступавших и вынести свои уроки.

**Соб. корр.**

# ТАРТЫМДЫ ТУРИЗМ – ЕЛДІҢ ИМИДЖІ

**ҚазҰУ кітапханасының мәжіліс залында география және табиғатты пайдалану факультетіндегі рекреациялық география және туризм кафедрасының ұйымдастыруымен «Туризм саласын дамытудың қазіргі заманғы мәселелері» атты VIII халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.**



Конференция география факультетінде құрылған туризм кафедрасына 23 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Қатысушылар алдымен кафедраның негізін салған, отандық географиялық туризм мектебінің іргетасын қалаған география ғылымдарының докторы, профессор С.Р.Ердәулетовты құрметпен еске алды. Бүгінгі таңда рекреациялық география және туризм кафедрасы білікті ғылыми және педагогикалық кадрларды, Қазақстанның туризм және қызмет көрсету салаларындағы мамандарды даярлаудың көшбасшысы болып табылады, сондай-ақ, халықаралық ынтымақтастықты дамытады, елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Жиынға алыс және жақын шетел университеттерінің, Қазақстанның бейінді жоғары оқу орындарының, қоғамдық туристік ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдері, туристік әкімшіліктердің өкілдері қатысты.

Конференцияны университет басшылығы атынан география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы, профессор В.Г. Сальников сөз сөйлеп ашты.

Конференция аясында туризмді аумақтық ұйымдастыру, туризмдегі және қонақжайлылықтағы ғылыми зерттеулер, ішкі және кіру туризмін дамытудың аймақтық аспектілері, туризм және қонақжайлылық саласы үшін мамандар даярлау, туристік бизнестегі инновациялық шешімдер мен smart-технологиялар, туристік қызмет көрсету сапасын басқару, туристік дестинацияларды жылжыту, туризм мен қонақжайлылықты жоспарлау, Ұлы Жібек жолындағы туризм, туризмнің перспективалық түрлері және туристік қызмет бағыттары талқыланды.

**Өз тілшімізден**

*В КазНУ состоялась встреча депутата маслихата со студентами, посвященная Дню Первого Президента*

# БЕЛЬГЕРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ

**На факультете журналистики КазНУ имени аль-Фараби прошли Бельгеровские чтения, посвященные Дню рождения известного прозаика, публициста, переводчика и литературоведа Герольда Бельгера.**

Студенты знают это громкое имя. Читали рассказы и очерки, дневники и эссе Герольда Карловича. Они с интересом анализировали публицистику, рассматривали вечные проблемы, которые он поднимал в своих публикациях: власть, падение интеллектуального багажа, засилие денег, воспитание подрастающего поколения, роль искусства и журналистики в жизни каждого человека. Говорили о роли произведений Бельгера в развитии литературы и критики Казахстана, разобрали множество текстов, обратили внимание на проблематику и средства аргументации.

Студенты третьего курса факультета журналистики КазНУ имени аль-Фараби оставили свои теплые отзывы о мероприятии.

**Марина СОТНИКОВА:**

Мы провели замечательные чтения Герольда Бельгера. И очень результативно потратили время. Было очень волнительно рассказывать о Бельгере. Герольд Карлович красочно и по-особенному заканчивает свои работы. И эссе, которое подготовила я к выступлению, тоже заканчивается глубокомысленно. «В вечерней людской толчее по проспекту «Достык» я медленно направился домой. Думалось о беседе с Абаем-ата, о его посмертной славе и одиночестве, о том, что у гениев, действительно, нет выбора, ибо они мобилизованы вечностью и обречены жить по ее законам».

**Асем ОМУРЗАКОВА:**

Герольд Бельгер - выдающийся человек и «последний казах». На сегодняшнем семинарском занятии, посвященном его памяти, я еще больше убедилась в правдивости этих слов. В своих сборниках «Плетенье чепухи» и «Вольные строки» он был тем, кто наблюдал за размеренной жизнью в ауле и детально описал явление потери идентичности, присущей казахам.



Без его внимания не остались и такие насущные проблемы, как общемировой кризис и утрата моральных ценностей.

**Жания НУРХАНОВА:**

Бельгер читается легко. Понравилось оригинальное описание бабушки: «Помню бабушку по отцу, Марию-Элизабет Зельцер, строгую, суровую, истовую лютеранку. Я её побаивался. И вся деревня тоже. Перед ней робели все мангеймовцы» ведь мы привыкли, что при описании бабушки в большинстве случаях исходит теплом, добротой. В этом эссе Герольд Бельгер не только опирается на свой опыт, но и берет материалы из дневниковых записей Льва Николаевича Толстого. Материалы, написанные Бельгером, и по сей день актуальны.

**Адель БУКИБАЕВА:**

Сегодня в КазНУ им. аль-Фараби прошел открытый разговор о гениальном публицисте Герольде Бельгере. Студенты факультета журналистики отметили его мастерство написания статей, патриотизм и талант. Как участник круглого стола я открыла для себя нового кумира.

У Бельгера неповторимый стиль написания материалов - он излагает свои мысли поэтапно, просто, глубоко. Больше всего восхищает смелость, правдивость статей Герольда Бельгера. Такие занятия помогают открыть для себя нового автора, пример для подражания.

**Виктория ЧЕВГАН:**

Часа мало, чтобы говорить о таком человеке. Мы слышали сегодня Бельгера-экономиста, Бельгера-политика, Бельгера-лингвиста. Такой разный Бельгер во всех своих работах остаётся Бельгером-патриотом, который с невероятной чуткостью и уважением относится к Казахстану, к Алматы. Однако сегодня я узнала совсем другого Бельгера: очень опытного, открытого, ностальгирующего. Перед тем как выбрать два его эссе, я изучила творчество. Пишет Бельгер просто, доступно, но ёмко и очень интересно.

**Залина СЕРИКОВА:**

Так тепло и душевно мы с группой никогда не разговаривали. Открывались друг перед другом, делились размышлениями, слушали и с трепетом отзывалась о личности Герольда Карловича.

Я готовилась к своему выступлению два дня: проговаривала все предложения, анализировала, чтобы сначала понять самой, а потом донести до остальных. Сборник «Плетение чепухи» особенно запал мне в душу. Герольд Бельгер будто описал современную реальность с проблемами, которые как были в 2004 году, так и остались. Настолько все точно, пронзительно и актуально.

**Анна ЛИ:**

После прочтения эссе и статей Бельгера у меня родился вопрос: «Как ему удается так размеренно и спокойно писать?». Я – девушка в вечном ажиотаже, заметила, что, читая его работы, успокаиваюсь. Все его произведения всегда будут актуальны, так же, как и книга "Путь Абая", во все времена будут помогать молодёжи находить свой путь, своё предназначение, а главное - успокоение.

**Дана САРСЕНОВА:**

Сегодня мы вместе с Ларисой Павловной и одногруппницами погрузились в публицистические произведения Герольда Бельгера. Они, не побоюсь этого слова, богаты жизненным опытом, эмоциями, переживаниями и настоящим патриотизмом. Герольд Бельгер открылся как трепетный, остроумный и открытый человек с живым энтузиазмом и жаждой жизни.

**Камила КОЖАХМЕТОВА:**

Он будто сидел рядом с нами... Это прочувствовал каждый, кто был на наших Бельгеровских чтениях. Он был не только писателем, переводчиком, публицистом. Он был близок к народу.

О многом мы вспоминаем лишь раз в году. В знаменательные дни, в день общей памяти и скорби. Мы вспомнили о Герольде Карловиче в день его рождения. Простые студенты. Мы помним, каким великим человеком он был. И важно именно это. Память о великих, на чьих трудах мы можем учиться.

**Лариса НОДА,**
*ст. преподаватель журфака, лауреат Международного Пушкинского конкурса, лауреат премии Союза журналистов Казахстана*

# Мотивациялық кітаптармен таныстырды

**Кітап адамзатты қараңғылықтан алып шығатын жарық күш. Адамның тұлға болып қалыптасуына зор көмегін тигізетін құрал, оның ойлау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын ұлғайтып, сөйлеу мәдениетін дамытады. Әл-Фараби кітапханасының басты міндеттерінің бірі – студенттерді кітап оқуға баулып, жалпы дүниетанымын кітап арқылы дамыту.**

Жуырда университетіміздің тарих, археология және этнология факультетінің студенттеріне «Кітапхана ісі» мамандығының оқытушысы Назгүл Денгельбаеваның ұйымдастыруымен №10-жатақханада өткен «Кітап оқу – асыл тынысы» атты іс-шараға кітапхана белсенді ат салысып, жалпы кітапхана қызметтерін таныстырумен бірге мотивациялық кітаптарға шолу жасалды. Шара басында кітап туралы қызықты мәліметтермен таныстырып, кітапханамыздың классикалық оқу залында орналасқан мотивациялық бағыттағы кітаптар сөресіне қойылған кітаптардың ішінен таңдаулы тоғыз кітапқа шолу жасалды.

Мотивациялық кітаптар қазіргі таңда біздің оқырмандар арасында ең өзекті, оқылымы көп кітаптар болып табылады. Мәселен, Тал Бен Шахардың «Научиться быть счастливым» деп аталатын кітабында «Бақыт деген не? Сіз үшін бақытты сәттер қандай?» деген сұрақтарға жауап алуға болады. Аннет Симпсонның «Побеждает лучший рассказчик» атты кітабы шешен сөйлеу арқылы адамды қалай сендіруге және оған қалай әсер етуге болады, ал біздің қазақстандық автор Серикбай Бисекеев «Сделай себя сам» кітабында өзінің өмір жолын көрсете отырып, бүгінгі таңда қандай белестерді бағындырып, биіктерге жеткендігі туралы баяндаған. Брайан Трейси, Дж. Кинчер, қазақстандық Қ. Шонбай және т.б. авторлардың мотивациялық бағыттағы кітаптарымен бірге мына екі кітапқа да шолу жасағанды жөн көрдік: біріншісі – Абай Құнанбаевтың «Хикмет кітабы», екіншісі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы. Абай – халқымыздың ұлы ойшылы, оның «Қара сөздері» – тіршілік түйткілдерін дәл болжай білген құнды мұра, жан-жақты, философиялық және психологиялық ойларға толы. Осы ойлар, толғаныстар жас ұрпақтың жүрегіне жайылып, санасына жетсе, тәрбиенің бірден бір міндетіне жеткендей боламыз. Тағы бір мәдени мұра – ол Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі». 1069-1070 жылдары жазылған дидактикалық поэма, тек қана түркі тектес халықтардың емес, бүкіл әлем елдерінің ортақ қазынасы болып саналады. «Бұл кітапта өмір мәні пайымдалып, жалпы адамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған» (Уикипедия).

Кітапқа шолу жасау – ең бастысы сол кітапқа қызығушылық тудыру, оның жанрына, беретін тәлім-тәрбиесіне мән беру. Студенттер шолудан кейін таныстырылған кітаптардың қандай ой салады, оларды оқуында, жұмысында, жалпы өмірінде қалай пайдалана алады деген мәселелерді талқылап, өз пікірлерін айтты және өздері өз бетінше оқыған кітаптарымен де бөлісті.

Іс-шараның екінші бөлімінде 15 бетті слайдтан тұратын әл-Фараби кітапханасында пайдаланушыларға ұсынылған қызмет түрлері көрсетілді. Атап айтатын болсақ: кітапхананың http://elibrary.kaznu.kz/ru ресми сайтындағы онлайн-тапсырыс беру, виртуалды сөрелер, мотивациялық бағыттағы кітаптар, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Букроссинг – кітап алмасу», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» атты студенттердің назарына ұсынылатын сөрелер. Осының барлығы оқырмандар үшін жасалған ыңғайлы дәстүрлі және электронды форматта қолжетімді қызмет түрлері.

Қорытындай келсек, кітапқа шолу жасау үнемі жүргізіліп отыратын іс-шара, оған студенттер белсенді ат салысып, қызығушылықпен қатысты. Жалпы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, кітапханаға келу, кітап оқу статистикасы өте жақсы деңгейде деуге болады. Кітапхананың қызмет түрлерін үнемі пайдаланып жүргендері де қуантады, бірақ кейбір қызмет түрлеріне аса мән бермейтіндері де байқалды, мұндай жағдайда кітапхана қызметкерлері барлық қызмет түрлеріне толықтай ақпарат беруге, сөредегі кітаптарға қысқаша шолу жасауға, кез келген сұрақтарға жауап беруге әрдайым дайын.

**Айжан АРҒЫМБАЕВА,**
*Әл-Фараби кітапханасының кітапханшы-менеджері*

**Открылась фото-выставка «Тарих.Тагдыр.Таным» Калигумара Кабдешулы**

# СУРЕТТЕРДІ СӨЙЛЕТЕТІН СИҚЫРШЫ



**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың және Журналистика факультетінің 85 жылдығына орай, университте ардагер-фотожурналист Қалиғұмар Қабдешұлының «Тарих. Тағдыр. Таным. Тағылым» атты жеке фотокөрмесі өтіп жатыр.**

Қалиғұмар Қабдешұлы бүгінгі қасқағым сәтті қаз-қалпында қатырып қойып, сол көріністі келесі ғасырдың адамдарына көрсете білетін сиқыр иесі. Бүгінге дейін ҚазҰУ музейінде фототілшінің бұдан 30-40 жыл бұрын түсірген суреттері сарғаймай, сапасын жоғалтпай сол қалпында ілулі тұр. Олардың әрқайсысы университеттің өткен тарихынан сыр шартеді, осы ортада болған оқиғаларды баяндайды. Қалиғұмар Қабдешұлы зымыраған уақытты тоқтатып, сол кездердегі көріністі көз алдыңызға әкеледі. Оның суреттеріне қарап сол заманға қайта оралғандай күй кешесіз. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың университетке арнайы келіп, жаңадан салынып жатқан оқу орнының жағдайымен танысқанын фототілшінің суреттері айғақтайды. Сол жылдары университет ректоры болған Ө.А. Жолдасбеков Бірінші хатшыны университет ғимараттарының макетімен таныстырып тұрған кадр музей жәдігері ғана емес, еліміздің даму тарихындағы құжаттық фактілердің бірі болып табылады.

Қалиғұмар Қабдешұлы 1974 жылдан бастап фотосуретке түсірумен кәсіби түрде айналыса бастады. Сол жылы Қазақстан журналистер Одағы жанындағы «Журналист» көркем сурет фотостудиясында фототілші болып қызметке орналасты. Фототілші ретінде республиканың саяси-қоғамдық өміріне белсене араласты, Компартияның XXV-XXIV съездеріне қатысып, тілші ретінде бастап-аяқ суретке түсірді. КСРО журналистер одағы арқылы Қазақстанның жетістіктерін, бірінші хатшы Дінмұхамед Қонаевтың қатысуымен болған тарихи оқиғаларды баяндайтын фотокөрмелерді ұйымдастырды. Оның портрет, репортаж, фотоочерк жанрларындағы, өнерді, табиғатты, еліміздің ауыл шаруашылығы, өндірісі мен экономикасын бейнелейтін фотосуреттері халықаралық «Достық» қоғамы арқылы Индия, Шри-Ланка, Мальдив, Чехословакия, Болгария, Польша, Румыния сияқты шет елдердің үлкен көрмелеріне шығарылды. Бұл суреттер қазір мемлекеттік архивте сақталады.

– Фотосуретке түсірумен жас кезімнен, алпысыншы жылдардан бері айналысамын. Менің негізгі тақырыбым, хобби деуге болады – өнер, соның ішінде театр саласы. Барлық спектакльдерге қатысып, актерлерді, олардың рольге кірген бейнелерін тура тауып суретке түсірудің үлкен шебері болдым. Осы тақырыпта жеті-сегіз кітап шығардым, олардың үшеуі – Әзірбайжан Мәмбетов, Асанәлі Әшімов, Досхан Жолжақсыновтардың әр жылдары сахнада ойнаған рольдерін бейнелейтін суреттерден тұратын фотоальбомдар. Бұл бағытта жасаймын деп жүрген әлі де идеяларым бар. Сонау 60-шы жылдардағы актерлерден бастап 41 адамның фотоэнциклопедиясын жасамақшымын. Оның макеті, жоспары дайын, екі том болып шығады,– дейді Қалиғұмар Қабдешұлы.

Қалиғұмар Қабдешұлы 1940 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданында туған. Әскери борышын өтеген 3 жылдың ішінде әскери топограф мамандығын игеріп шықты. Әскери карталар жасау үшін жердің әрбір метр қыртысын суретке түсіріп, сол кадрлар бойынша белгілі бір аумақтың рельефін, масштабын анықтады. Содан бері Қалиғұмарға фотоға түсірудің қыр-сырын зерттеп, осы өнерге қатты берілді. Саналы ғұмырын өзі құлай сүйген фотосурет саласына арнады. Соның арқасында биік жетістіктерге қол жеткізді. Бүгінде жасы сексенге келсе де фотоаппаратын қолынан тастамай шығармашылығын одан әрі дамытып келеді. 1969 жылы КСРО журналистер Одағының мүшесі, 1983 жылы Халықаралық журналистер одағының мүшесі болды, 1975 жылдан бері республикалық, одақтық, халықаралық фотокөрмелердің жүлдегері болды. Еңбектері Еуропа мен Азия елдеріне танылды, 1985 жылы Москва қаласында өткен дүние жүзілік Жастар фестивалінің дипломанты атанды. Солай



болуы тиіс еді. Қалиғұмар Қабдешұлының еңбектері соған лайықты. 1988 жылы 14 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Қалиғұмар ағаның фотокөрмесі туралы «Туған өлке дидары» атты мақалада былай деп жазылыпты:

«Мұнда бәрі-бәрі бар. Жұлдызды қалашықтағы тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннің музейі, көк тіреген Алматының ғимараттары... Кең байтақ республикамыздың ең әсем, ең сұлу табиғат саялары, кербез Көкше мен Алтай аясындағы Марқакөл. Есімі бүкіл әлемге әйгілі еңбек шамшырақтарының портреттері мен тәй-тәй басқан бөбек... Ғажап әсер аласың. Кейбір суреттердің алдында ұзақ бөгеліңкіреп, өзіңе-өзің күбірлеуің де мүмкін... Неткен тамаша!»



Қалиғұмар Қабдешұлының фотокөрмелеріндегі суреттер ешқашан құнын жоғалтпайды, бағасы араға жылдар салып өсе бермек. Өйткені уақыт өткен сайын оның тарихи еңбектеріне сұраныс арта түседі.

– Қалиғұмар Қабдешұлының түсірген суреттеріне қарап отырып оның түсірілу сапасы, техникалық орындалуы, басып шығарылуы басқалардан көш ілгері екенін байқаймыз. Бұдан 40-50 жыл бұрын түсірілген суреттердің сапасы да, мағынасы да қазірге дейін маңызын, әсерлілігін жоғалтпаған. Фототілшінің жұмысында ең бастысы – суреттің композициясы, ол суреттің 50 пайыз тағдырын шешеді. Кадрдағы сурет оны түсірген адамның ойын, не айтқысы келгенін білдіріп тұруы керек. Бұл жағынан ағамыздың еңбектері жоғары деңгейде. Бұдан фототілшінің түсіретін объектідегі нүктені, ракурсты дұрыс таба білетіндігі және оның техникасының да мықты болғанын көруге болады. Суреттері кең форматты, ауқымды, калоритті, сапасы жақсы. Бұл жағынан жастар үйренетін нәрселер баршылық. Ол кездегі фототілшілер мен қазіргі фотоға түсірушілердің айырмашылығы жер мен көктей. Бұрын пленкадағы кадрларды санап тұрасың, дер кезінде бітіп қалуы мүмкін. Сондықтан әрбір сәтті аңдып, керекті сәтті дөп басып түсіру керек. Нағыз фототілшілер бір-екі кадрмен ғана нақты кадрды беретін болған. Қалиғұмар Қабдешұлы осындай мерген фототілші болғаны көрініп тұр,-дейді көрмені ұйымдастырушы «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Абдрайым.

Жасы сексенге келсе де фотоқұралын үнемі асынып жүретін Қалиғұмар ағамыздың әлі де берері мол, шәкірттерінің қолдауымен алдағы уақытта Марқакөл, Өскемен және Астана қалаларында фотокөрмелер ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бүгінде мерейтой иесін әріптестері, кезінде өзі тәрбиелеген шәкірттері жүрекжарды жылы лебіздерімен елдің әр түпкірінен құттықтап жатыр. Осы құттықтауларға біз де қосыламыз. Мерейтойыңыз құтты болсын, суретші аға! Фототілші қашанда саптың алдында тұрады, артқы көшке үлгі болып жүре беріңіз!,– дегіміз келеді.

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН, Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №1816
● Жарияланған мақалаларда автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.